

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қыркүйек N 1158

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "IDEX-2001" бесінші Қару-жарақ пен әскери техниканың халықаралық көрмесіне (Абу-Даби қаласы, Біріккен Араб Әмірліктері) қатысу үшін Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіптік кешені зауыттарының өнімдерін уақытша әкетуге рұқсат беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 310 P010310\_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

тақырып "уақытша әкетуге" деген сөздерден кейін "және экспорттауға" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспе "үшін" деген сөзден кейін "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы N 9-1 Z960009\_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037\_ қаулысына сәйкес әрі Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасында үкіметаралық байланыстарды нығайту мақсатында "

деген сөздермен толықтырылсын;

қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт

(Қазспецэкспорт)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оқ-дәрілерді және арнаулы бұйымдарды Қазақстан Республикасынан Біріккен Араб Әмірліктеріне экспорттауға рұқсат берілсін.";

3-тармақ "оқ-дәрілердің" деген сөздерден кейін "және арнаулы бұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

2-тармағында "ПП-90 бұйымы, зауыттық N A471" және "ТКБ-0216 бұйымы, зауыттық N Г353" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Оқ-дәрілер және арнаулы бұйымдар:

- пулеметтік ленталарда 12,7 x 99 200 (екі жүз) дана мөлшерінде;
- пулеметтік ленталарда 12,7 x 108 200 (екі жүз) дана мөлшерінде;
- ПМ 9 x 18 192 (бір жүз тоқсан екі) дана мөлшерінде;

- ПП-90 бұйымы, зауыттық N А471;
- ТКБ-0216 бұйымы, зауыттық N Г353."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.